

Кәсіпорынның негізгі және айнымалы өндірістік қорлары

Орындаған: Сулейменова Дана

Кәсіпорын қорлары дегеніміз - кәсіпорынның материалдық игіліктерді өндірумен байланысты пайдаланатын барлық материалдық заттар мен ақша қаражаттарының жиынтығы. Кәсіпорын қорлары 2-ге бөлінеді: негізгі және айнымалы.

Өндірістік қорлар

Негізгі қор (капитал)

Айналым қоры (капитал)

Жер

Үйлер
және
ғимарат
тар

Машина
лар, құрал-
дар,
беріліс
механизмі,
транс
порттар

Негізгі
капитал
дың
басқа
түрлері

Шикізат
ты, отын,
энергия
материал-
дар, сатып
алынған
жартылай
фабрикат-
тар

Өндіріс
өзі
жасаған
жарты
лай
фабри
каттар

Негізгі қорлар дегеніміз- кәсіпорынның өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы қолданылатын өндіріс құралдары. Олар өздерінің құнын өндірілген өнімге тозуына қарай бірте-бірте бөлшектеп өткізіп отырады.

Негізгі қорлардың топтары	Машина құрау	Электр энергетикасы	Транспорт	Электр желілері кәсіпорыны
1 Өндірістік ғимарат	27,3	13,2	5,4	2,3
2 Құрылыс	20,6	17,3	34,3	1,1
3 Беріліс құрылғылары	10,5	34	5,5	81
4 Жұмыс, күштік машиналары мен жабдықтар	38,9	33,6	8,7	12,5
5 Транспорт көліктері	2,7	0,9	45,6	1,8
6 Өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар	1	0,5	0,2	0,5
7 Басқа да негізгі қорлар	0,7	0,5	0,3	0,8
Барлығы	100	100	100	100

Өндірістік негізгі қорлардың құрылымы 1-кестеден көретініміздей, әртүрлі өндіріс саласы бойынша айырмашылықтары бар. Электр энергетикасы бойынша жалпылай айтқанда, негізгі қорлардың екі тобын айтуға болады: беріліс құрылғылары және машиналар, механизмдер, жабдықтар. Ал екінші топ бойынша күштік, жұмыс машиналары және жабдықтар үлкен үлес алады. Электр желілері кәсіпорындары үшін бұл екі топ бойынша олардың меншікті салмағы 90% құрайды.

Негізгі өндірістік қорлар өндірістік үрдіске қатынасу дәрежесі бойынша активті және пассивті болып бөлінеді. Активті негізгі қорлар тікелей өнімді өндіруге қатысады, пассивті негізгі қорлар өндірістің негізгі технологиялық жұмыстарын орындалуын қамтамасыз етеді.

Негізгі қорлардың пассивті тобына көбінесе өндірістік ғимараттар, құрылыс ғимараттары, өндірістік құрал-саймандар, басқа да негізгі қорлар.

Негізгі қорлардың тозуы және ескіруі

Өндірісте пайдалану үрдісінде негізгі қорлар тозады және бастапқы кездегі қасиеттері мен сапасын жоғалтады. Негізгі қорлардың тозуы әртүрлі факторлардың әсерінен болады. Кейбіреулері табиғи тозса, кейбіреулері моралдық тозуға алып келеді.

Кәсіпорынның еңбек құралдарының техникалық күйінің деңгейін сипаттау үшін келесідегідей табиғи көрсеткіш қолданылады

$$A = T(\text{нак}) / T(\text{нор}) * 100$$

мұндағы А – негізгі қорлардың тозуы;

t_{нак} – негізгі қорлардың нақты пайдаланған уақыты;

t_{нор} – негізгі қорлардың нормативтік қызмет ету мерзімі.

Негізгі қорлардың тозуы тек ғана табиғи тозу әсерінен болып қоймайды, сондай-ақ экономикалық факторлардың әсерінен де тозады, яғни оны моралдық тозу деп атайды

Негізгі қорларды амортизациялау

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың құнына тең болу шартынан шығатын болсақ, онда төмендегідей анықтауға болады

$$A_{\text{ауд}} = K_{\text{нк}} \frac{a_0}{100}$$

мұндағы $A_{\text{ауд}}$ – амортизациялық аударылымдар сомасы;

$K_{\text{нк}}$ – негізгі қорлар құны;

a_0 – амортизациялық аударылымдар нормасы, %.

Негізгі қорлар топтары	Толық қалпына келтіру үшін қажетті амортизациялық аударылымдар нормасы, %
1 Өндірістік ғимарат	2,0
2 Электр тасымалдаушы 35-220 кВ әуе желілері: металдық, темір бетонды бағанадағы	2,0
ағаш бағанадағы	3,3
3 Күштік электрлік-техникалық жабдық және таратушы құрылғылар: ашық және жабық түрдегі таратқыш құрылғылардың жабдықтары, өлшеуіш трансформаторлар, таратушы шиналар, түрлендіргіштер, майлы ажыратқыштар	4,4
4 Трансформаторлы қосалқы стансалардың жабдықтары	6,6
5 Электр қозғалтқыштар мен дизель генераторлары	6,6
6 Қозғалмалы электр стансалардың электр генераторлары	12,5

Капитал айналымы

Капиталдың бір айналымы оның ақша түрінде жұмсалған кезінен бастап, сол ақша түрінде қайтарылғанға дейінгі мерзімді қамтиды.

Капиталдың ауыспалы айналымы капитал айналымы деп аталады.

Барлық авансаланған капитал жұмыс өндіріс пен айналыс сатыларынан өтетін уақыт жиынтығы капиталдың айналым уақытын құрайды.

Айналым қаражысы

Айналымды түрлісіз қорлар

Қорлар

Өндірістік қорлар

Шығыс, негізгі материалдар, жартылай фабрикаттар

Жемқурут е арналға

Отпен

НӨП және өзіңдік өндірістің жартылай фабрикаттары

Кәсіпорынның жылдық өсімі

Түсірілетін және төленбеген өнім

Дебиторлық қарыз

Есептік шоттары мен қосалқы есеп арқылы қарыз

Қосымша материалдар

Құралдар және басқалар

Ыдыс

Болашақ кезеңдердің шығындары

Нормаланған айналым қаражысы

Нормаланбаған айналым қаражысы



3-сурет. Айналым капиталының сыныптауы

Кәсіпорынның айналым капиталының құрамы

